

Шетелдік кәсіптік ұйымдардың тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 19 шілдедегі № 39 қаулысы

"Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 1-бабының 22) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шетелдік кәсіптік ұйымдардың тізбесі бекітілсін.
2. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және пруденциялық реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігінің Төрағасы*

М. Әбілқасымова

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2024 жылғы 19 шілдедегі
№ 39 Қаулыға қосымша

Шетелдік кәсіптік ұйымдардың тізбесі

- 1) Кредит нарығы қауымдастығы - Loan Market Association (LMA);
- 2) Синдикатталған кредиттер және сауда қауымдастығы - Loan Syndications and Trading Association (LSTA);
- 3) Азия -Тынық мұхиты кредит нарығы қауымдастығы - Asia Pacific Loan Market Association (APLMA).